

КАСПИЙ ӨңІРІ «БОЛАШАҚ» КОЛЛЕДЖІ

«Келісіді»

«Арнайы пәндер»

ПЦК отырысында қаралды

Төраға тағ Таджибалиева Г.К.

« 11 » 09 2025 ж.


«Бекітемін»

Басшының әдістемелік ісі жөніндегі
орынбасары Ж.К.Улькманова

« 13 » 05 2025 ж.

«Мамандығымның сырлары»

Кездесу



Ұйымдастырушы: Б.Усенова.А.Нұрпейис.Н.Тоғай

Топтар: ПО-23-1 және ФК-24.

Ақтау-2025 жыл

Кездесу Жоспары

Тақырыбы: "Мамандығымның сырлары"

Колледжіміздің түлегі мен сала мамандарымен кәсіби бағыттағы мотивациялық кездесу.

Мақсаты:

- Студенттерге мамандық таңдауда бағыт беру;
- Әр мамандықтың қыр-сырын таныстырып, тәжірибемен бөлісу;
- Студенттердің қызығушылығын арттырып, еңбекке, кәсіпке баулу.

Кездесудің өту форматы:

- **Формат:** Ашық әңгіме, сұрақ-жауап, мотивациялық бағытта пікір алмасу;
- **Уақыты:** 1 сағат.
- **Өтетін орны:** Колледж оқу залы
- **Қатысушылар:** Колледж студенттері, оқытушылар, арнайы шақырылған қонақтар

Кіріспе сөз

Құрметті қонақтар, оқытушылар, және қадірменді студенттер! Бүгін біз ерекше, тағылымы мол, шабыт сыйлайтын кездесуге жиналып отырмыз. Бұл кездесу – өзінің мамандығын сүйіп, сол салада еңбек етіп жүрген, өмірден өз орнын тапқан азаматтармен жүздесудің тамаша мүмкіндігі.

Бүгінгі шарамыздың тақырыбы – "Мамандығымның сырлары". Бұл кездесу – кәсіби бағыт-бағдар беріп, студенттердің болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына септігін тигізуді мақсат етеді. Бүгін біз тек қана мамандықтар туралы емес, өмірлік тәжірибе, табандылық, еңбекқорлық, және жетістікке жетудің шынайы жолдары жайлы естиміз.

Олай болса қонақтарымызды таныстырып, өтсек;

- **Усенов Шапағат Сәуірбайұлы** – жоғары санатты жаттықтырушы, Армрестлингтен халықаралық дәрежедегі төреші, Гір спорты және Армрестлинг федерацияларының президенті, ерекше қажеттілігі бар балалармен де жұмыс жасап жүрген кәсіби маман.
- **Байжігітов Ерасыл Абылайұлы** – біздің колледждің ВТ-22 тобының бітіруші түлегі, Worldskills чемпионатының "Үздік маман" жүлдегері, қазіргі таңда жеке кәсіпкер және студенттеріміздің практикалық жетекшісі;
- **Усенов Бекзат Сәуірбайұлы** – инклюзивті спорт саласының белсендісі, ерекше балаларға арналған Бочча спортынан жаттықтырушы;

Бүгінгі қонақтарымыз – әрқайсысы өз саласының маманы ғана емес, жастарға үлгі боларлық тұлғалар. Олардың жүріп өткен жолдары – өз ісіне адалдықтың, табандылықтың, еңбектің айқын дәлелі.

Ендеше, құрметті студенттер, кездесуден мол әсер алып, өз болашағыңызға деген сенімдеріңіз нығая түссін дегім келеді.

Қонақтарымызға қош келдіңіздер дей отырып, сөз кезегін өздеріңізге берсек;

Кездесу бағдарламасы (1 сағат)

Усенов Шапағат Сәуірбайұлына қойылатын сұрақтар;

1. Сұрақ: Өзіңіз туралы қысқаша мәлімет айта кетсеңіз;
2. Сұрақ: Бұл мамандықты таңдаудың сыры неде?
3. Сұрақ: Қай жастағы оқушылар қатыса алады?
4. Сұрақ: Қол күресі туралы айта кетсеңіз?
5. Сұрақ: Қол күресіне қызығушылық неден басталды?
6. Сұрақ: Қол күресі қауіпті болуы мүмкінбе? адам денсаулығына
7. Қазіргі уақыттағы жоспарларыңызбен бөлісіп, кетсеңіз?
8. Ерекше балалармен жұмыс жасау кезінде қиындық тудыратын кездері бола ма?

Байжігітов Ерасыл Абылайұлына қойылатын сұрақтар;

1. Сұрақ: Өзіңіз туралы қысқаша мәлімет айта кетсеңіз;
2. Сұрақ: Неліктен Айти мамандығын таңдадыңыз?
3. Сұрақ: Қазіргі уақытта сіз жеке кәсіпкерсіз? Немен айналысасыз? Қай бағытта?
4. Сұрақ: Кәсіп ашу үшін ең алдымен не істеу керек?
5. Сұрақ: Қанша қаражат кетті кәсіп ашуыңызға;
6. Алдағы уақытта қандай жоспарыңыз бар?

Усенов Бекзат Сәуірбайұлына қойылатын сұрақтар;

1. Сұрақ: Өзіңіз туралы қысқаша мәлімет айта кетсеңіз;
2. Сұрақ: Бұл мамандықты таңдаудың сыры неде?
3. Сұрақ: Инклюзивті балалар мен жұмыс жасау қиындық әкелмейді ме?
4. Сұрақ: Бочча спорт түрі туралы қысқаша мәлімет айта кетсеңіз?
5. Сұрақ: Қай жастағы жасөспірімдер қатыса алады?
6. Сұрақ: Бочча спорт түрі денсаулыққа қауіпті болуы мүмкінбе?
7. Қазіргі уақыттағы жоспарларыңызбен бөлісіп, кетсеңіз?
8. Ерекше балалармен жұмыс жасау кезінде қиындық тудыратын кездері бола ма?

Сұрақтар қойылып, жауаптар алынады. Студенттер сұрақ қояды, өз ойларымен бөліседі.

Керемет күн! бүгін көкейіміздегі сұрақтарымызды қойып, ой бөлістік деп ойлаймын. Сонымен бүгінгі кездесуіміз өз мәресіне жетті.